

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қарабалық ауданы білім бөлімінің «Достық» маусымдық балалар білім беру – сауықтыру орталығы

**Кәмелетке толмағандарға арналған
«ART ALEM» білім беру-сауықтыру бағдарламасы
(шығармашылық арт-лагерь).**

Ұйымның толық атауы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қарабалық ауданы білім бөлімінің «Достық» маусымдық балалар білім беру – сауықтыру орталығы
Әзірленген жылы: 2026 жыл

МАЗМҰНЫ

№	Бөлім	Бет
1	Жалпы ережелер	3
2	Глоссарий	7
3	Бағыты мен тақырыбы	8
4	Мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	14
5	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	17
6	Іске асырушарттары	28
7	Кадрлық және әдістемелік қамтамасызету	30
8	Іске асыру нәтижелерін мониторингтеу және бағалау	32
9	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	35

1-бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарламаның атауы

Кәмелетке толмағандарға арналған «ART ALEM» білім беру-сауықтыру бағдарламасы (бұданәрі– Бағдарлама) шығармашылық бағыттағы маусымдық балалар білім беру-сауықтыру орталығының лагерінің (ББСО) жағдайында балалар мен жасөспірімдерді кешенді оқыту, тәрбиелеу және сауықтыру мақсатында әзірленді.

«ART ALEM» атауы әрбір қатысушыға өнер, дизайн, музыка, театр, қимыл-қозғалыс, медиа, цифрлық шығармашылық, ұжымдық жобалар және мәдени өзара әрекет арқылы өзін көрсетуге мүмкіндік беретін ашық шығармашылық кеңістік құру идеясын білдіреді.

Бағдарлама кәмелетке толмағандардың физикалық және психоэмоциялық денсаулығын нығайтуға, шығармашылық ойлауын, эстетикалық мәдениетін, эмоционалдық интеллектін, коммуникативтік дағдыларын, жобалық бастамашылдығын, медиа сауаттылығын және жасампаз қызметке қабілетін дамытуға бағытталған жазғы демалысты ұйымдастыру моделін білдіреді.

Бағдарлама Ұйымның жазғы маусым кезеңінде бекітілген ауысымдар кестесін, ББСО-ның жұмыс істеу жағдайларын, қатысушылардың жасерекшеліктерін, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ескере отырып іске асырылады.

Бағдарламаның тұжырымдамалық негізі – қатысушылардың көркем, сахналық, музыкалық, медиа шығармашылық және жобалық қызметтің әртүрлі түрлері арқылы өзқабілеттерін ашуына, ынтымақтастыққа үйренуіне, өзге адамның еңбегін құрметтеуіне, мәдени әралуандықты қабылдауына және шығармашылық қызметінің нәтижелерін көпшілікке ұсына алуына мүмкіндік беретін қауіпсіз, қолдаушы әрі шабыттандырушы орта құру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны адалдық, жауапкершілік, құрмет, еңбек қорлық, патриотизм, жасампаздық, қарым-қатынас мәдениеті, ортақ кеңістікке ұқыптықарау және ұжымдық нәтижеге жеке үлес қосуға дайындық сияқты «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іске асыруға бағытталған.

Бағдарламаның атауы

Бағдарламаны іске асыратын Ұйым туралы мәліметтер

Бағдарламаны іске асыратын ұйым: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қарабалық ауданы білім бөлімінің «Достық» маусымдық балалар білім беру-сауықтыру орталығы.

Бағдарламаны іске асыру орны: Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Гурьяновское ауылы, Речная көшесі, 1А құрылыс.

Ұйым өз қызметін кәмелетке толмағандарға арналған маусымдық балалар білім беру-сауықтыру орталығы (ББСО) форматында жүзеге асырады.

ББСО-ның жұмыс істеу кезеңі: 2026 жылғы 20 маусымнан 7 тамызға дейін.

Бір ауысымның ұзақтығы 10 күнтізбелік күнді құрайды: бірінші аптаның дүйсенбісінен екінші аптаның жұмасына дейін.

Бір ауысымдағы қатысушылар саны – 150 адам.

Ауысымдар саны – 4.

Маусым бойынша қатысушылардың жалпы саны – 600 адам.

Бағдарлама балалардың тұруына, тамақтануына, демалуына, сауықтырылуына, тәрбиелік, білім беру, шығармашылық, сахналық, музыкалық, көркем, жобалық, спорттық және бос уақытты ұйымдастыру қызметіне қолайлы жағдай жасайтын «Достық» балалар білім беру-сауықтыру орталығының базасында іске асырылады.

ББСО инфрақұрылымы мыналарды қамтиды: 1-корпус, 2-корпус, әкімшілік ғимарат, асхана, медициналық пункт, спорттық және ойын алаңдары, шығармашылық кабинеттер, ашық алаңдар, топтық жұмыстарға, көрмелерге, репетицияларға, шеберлік сабақтарына, жобалық қызметке, мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге және демалуға арналған кеңістіктер.

Мамандандырылған студиялар болмаған жағдайда іс-шаралар қолжетімді материалдарды пайдалана отырып және ауа райы жағдайларын, күн тәртібін және қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, қолда бар қауіпсіз кеңістіктерде өткізіледі.

Бағдарламаны әзірлеудің құқықтық негізі

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру, тәрбие, демалыс, сауықтыру, кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленді.

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.

3) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі.

4) «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.

5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен бекітілген Кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары, сондай-ақ олардың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар.

6) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 7 қазандағы № 237 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында балаларды сауықтыру мен демалысын ұйымдастыру қағидалары.

7) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.

8) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығымен бекітілген «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

9) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығымен бекітілген Дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары.

10) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы.

11) Кәмелетке толмағандардың демалысын, сауықтырылуын, тәрбиесін, қосымша білімін, мәдени-шығармашылық қызметін, медициналық сүйемелдеуін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Бағдарлама заңнамаға, кәмелетке толмағандар мен олардың заңды өкілдерінің қажеттіліктеріне, Ұйымның жұмыс істеу жағдайларына, ауысымдардың ұзақтығына, материалдық-техникалық базаға, кадрлық қамтамасыз етуге, тұру және тамақтану жағдайларына, климаттық және аумақтық ерекшеліктерге, күн тәртібіне және ауысымдардың бейінділігіне жүргізілген талдау нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Ұйымның талдау нәтижелері 30 мамыр; хаттамалық шешімімен ресімделді; хаттамалық шешім негізінде, 4 маусымда № 16 бұйрығы шығарылды.

Бағдарламаның ұзақтығы

Бағдарлама жазғы маусым кезеңінде іске асырылады. Бір ауысымның ұзақтығы 10 күнтізбелік күнді құрайды.

Ауысым бірінші аптаның дүйсенбісінен екінші аптаның жұмасына дейін өткізіледі. Мұндай ұзақтық балалардың ББСО жағдайына бейімделуін, шығармашылық, білім беру және сауықтыру іс-шараларына кезең-кезеңімен қосылуын, жеке және командалық шығармашылық өнімдерді дайындауды, жетістіктер фестивалін өткізуді және қатысушылардың ұйымдасқан түрде шығуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауысым мазмұны кезеңдер бойынша құрылады: 1-2 күндер - ұйымдастыру-бейімдеу кезеңі; 3-7 күндер - негізгі шығармашылық кезең; 8 күн - жобалық-қорытынды кезең; 9-күн - арт-фестиваль және нәтижелерді таныстыру; 10-күн - рефлексия, ауысымды жабу және қатысушылардың шығуы.

Кәмелетке толмағандардың жас санаты

Бағдарлама 7-16 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған.

Бағдарлама мазмұнын әзірлеу және іске асыру кезінде қатысушылардың қозғалысқа, ойынға, эмоционалдық қолдауға, өзін-өзі көрсетуге, танылуға, қарым-қатынасқа, дербестікке, бастамашылыққа және ұжымдық шығармашылыққа қатысуға деген қажеттілігін қоса алғанда, жас, психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері ескеріледі.

Бастауыш мектеп жасындағы балалар қатысқан жағдайда ойын, көрнекі, музыкалық-қимылдық, көркем және театрландырылған жұмыс түрлері, қарапайым шығармашылық тапсырмалар, ұжымдық тапсырмалар және жасак өміріне эмоционалды қауіпсіз енгізу басым болады.

Орта мектеп жасындағы балалар қатысқан жағдайда шығармашылық шеберханалар, командалық арт-жобалар, сахналық тапсырмалар, дизайн-практикумдар, медиаформаттар, коммуникацияға арналған ойындар, фестивальдер, көрмелер және жобалық қызмет басым болады.

Жоғары мектеп жасындағы жасөспірімдер қатысқан жағдайда авторлық шығармашылық, режиссура, дизайн-ойлау, цифрлық өнер, медиажобалар, көрмені кураторлық сүйемелдеу, көшбасшылық, өзін-өзі басқару, көпшілік алдында сөйлеу және кіші жастағы қатысушыларға тәлімгерлік ету басым болады.

Тақырыптық ауысым тұжырымдамасы

Ауысым өзін және команданы танудан бастап жеке және ұжымдық арт-өнімдерді жасауға дейінгі шығармашылық саяхат ретінде құрылады. Әр күннің өз мағыналық міндеті бар, алайда барлық іс-шаралар шығармашылық ойлауды, мәдени коммуникацияны, эмоционалдық әл-ауқатты және ББСО өміріне жасампаз қатысуды дамыту туралы ортақ идеямен біріктіріледі.

Ауысым күндері	Мағыналықкезең	Негізгімазмұны
1-2 күндер	Бейімделу және шығармашылық команда	Келу, танысу, қағидалар, қауіпсіздік, шығармашылық сынамалар, арт-командаларды қалыптастыру.
3-7 күндер	Негізгі шығармашылық бағыттар	Бейнелеу өнері, сахна, музыка және қимыл, дизайн, digital art, медиа және арт-жобалау.
8күн	Арт-жобаларды дайындау	Жеке және командалық жобалар, дайындықтар, көрмелерді ресімдеу, фестивальге дайындық.
9 күн	ART Fest	Көрмелер, көрсетілімдер, перформанстар, медиа-

Ауысым күндері	Мағыналық кезең	Негізгі мазмұны
		таныстырылымдар, идеялар арт-маркеті, марапаттау.
10 күн	Ауысымды аяқтау	Қорытынды рефлексия, сауалнама, ауысымды жабу, қатысушылардың шығуы.

2-бөлім. Глоссарий

1. Бейімделу – кәмететке толмағандардың ББСО-да болу жағдайларына, күн тәртібіне, жаңа қызмет түрлеріне және уақытша балалар ұжымына икемделу процесі.

2. Арт-зертхана – қатысушылар материалдармен, бейнелермен, идеялармен, техникалармен және нәтижені ұсыну форматтарымен тәжірибе жасайтын шығармашылық қызметті ұйымдастыру нысаны.

3. Арт-жоба – идеясы, мақсаты, орындау кезеңдері, көркем өнімі және көпшілік алдында таныстырылымы бар жеке немесе командалық шығармашылық жұмыс.

4. Визуалды мәдениет – бейнелерді, белгілерді, композицияларды, визуалды хабарламаларды және көркем образдарды қабылдау, талдау және жасаудағыларының жиынтығы.

5. Уақытша балалар ұжымы – лагерлік ауысым кезеңінде қалыптасқан және ортақ тұру, қарым-қатынас, демалыс және қызмет жағдайларымен біріктірілген балалар тобы.

6. Тәрбиелік қызмет – құндылық бағдарларын, мінез-құлық мәдениетін, жауапкершілікті, құрметті, еңбек қорлықты және әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған іс-шаралар жүйесі.

7. Дизайн-ойлау – адамның қажеттіліктерін түсінуге, идеялар ұсынуға, прототип жасауға, нәтижені тексеруге және жетілдіруге негізделген шешім қабылдау тәсілі.

8. Цифрлық өнер – цифрлық бейнелер, коллаждар, анимациялар, постерлер, визуалды оқиғалар және мультимедиялық объектілер жасауға байланысты шығармашылық қызмет бағыты.

9. Инсталляция – әртүрлі материалдардан жасалып, белгілі бір ортада орналастырылатын кеңістіктік көркем композиция.

10. Креативтілік – жаңа идеялармен стандартты емес шешімдер табу, бірегей көркем, жобалық және коммуникативтік өнімдер жасау қабілеті.

11. Кураторлық жұмыс – көрме, көрсетілім немесе фестиваль шеңберінде шығармашылық жұмыстарды іріктеу, орналастыру, сипаттау және таныстыру қызметі.

12. Медиа өнер – фото, видео, дыбыс, анимация, цифрлық графика, интерактивті және мультимедиялық құралдар пайдаланылатын шығармашылық нысан.

13. Білімберу модулі – қатысушылардың шығармашылық ойлауын, көркем, сахналық, жобалық, коммуникативтік және медиа құзыреттерін дамытуға бағытталған бағдарламаның құрылымдық бөлігі.

14. Сауықтыру модулі – дене белсенділігін, профилактикалық іс-шараларды, күн тәртібін сақтауды, дұрыс тамақтануды, ауыз су режимін, психологиялық сүйемелдеуді және эмоционалдық әл-ауқатты қамтитын Бағдарламаның бөлігі.

15. Перформанс – қимыл-қозғалысты, сөзді, образды, дыбысты, кеңістікті және аудиториямен өзара әрекеттесуді біріктіретін шығармашылық әрекет нысаны.

16. Жобалық қызмет – қатысушылар идея әзірлейтін, рөлдерді бөлетін, өнім, шешім немесе бастама жасайтын және нәтижені ұсынатын қызметті ұйымдастыру нысаны.

17. Рефлексия – қатысушылардың алған тәжірибесін, эмоцияларын, жетістіктерін, қиындықтарын және ұжымдық қызметке қосқан үлесін пайымдау нысаны.

18. Сахналық мәдениет – сахнадағы мінез-құлық, мәнерлі сөйлеу, қимыл-қозғалыс, серіктеспен және көрерменмен өзара әрекеттесу дағдыларының жиынтығы.

19. Шығармашылық бағыт – қатысушылардың көркем, музыкалық, театрлық, әдеби, дизайнерлік, медиалық, қолданбалы және өзге де өзін-өзі көрсету түрлерімен байланысты қызмет бағыты.

20. Эмоционалдық әл-ауқат – баланың ұжымдағы психологиялық жайлылығы, қабылдануы, қорғалуы, позитивті қарым-қатынасы және тұрақты эмоционалдық жағдайы.

21. «Адал азамат» – адалдықты, жауапкершілікті, еңбекке құрметті, азаматтық белсенділікті, экологиялық сананы және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік тұжырымдама.

3-бөлім. Бағытыментақырыбы

Бағдарламаның бейіндік бағыты

Бағдарлама тәрбиелік, көркем, сахналық, музыкалық-қимылдық, дизайнерлік, медиалық, технологиялық және жобалық мазмұнды біріктіретін кешенді көркем-шығармашылық және білім беру-сауықтыру бағытына ие.

Бағдарламаның бейіндік бағыты балалардың оқу жылынан кейін күш-қуатын қалпына келтіруін, шығармашылық әлеуетін, эмоционалдық интеллектін, коммуникативтік мәдениетін, эстетикалық қабылдауын, жобалық бастамашылдығын және жасампаз қызметке қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін жазғы демалыстың мазмұнды моделін құру қажеттілігімен айқындалады.

Бағдарламаның мазмұны жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын қайталауды көздемейді. Барлық сабақтар дамытушылық, практикалық-бағдарланған, ойын, жобалық, шығармашылық және тәрбиелік сипатқа ие және балалардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іске асырылады.

Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

Бейнелеу өнері және арт-шеберханалар

Аталған бағыт қатысушылардың көркемдік талғамын, шығармашылық ойлауын және эстетикалық мәдениетін дамытуға бағытталған. Сабақтар барысында балалар сурет салу, кескіндеме, графика, коллаж жасау, сәндік-қолданбалы өнер элементтерімен жұмыс істеу, шығармашылық композициялар құрастыру және әртүрлі көркем материалдар мен техникаларды қолдану дағдыларын меңгереді.

Арт-шеберханалар қатысушылардың өзін-өзі танытуына, қиялын дамытуына, көркем идеяларын жүзеге асыруына және жеке шығармашылық өнімдер жасауына мүмкіндік береді. Көркем қабылдауды, қиялды, композициялық ойлауды, түс, пішін, сызық және материал сезімін дамытуға бағытталған.

Іске асырудың ықтимал нысандары: сурет салу, кескіндеме, графика, коллаж, скетчинг, леттеринг, ашықхаттар, плакаттар, комикстер, зиндер, арт-буктар әзірлеу, қағаз мозаикасы, табиғатқа зиян келтірмейтін табиғи арт нысандарын жасау, «Түс және көңіл күй», «Эмоция портреті», «Армандағы қала», «Менің оқиғам суреттерде» тақырыптарындағы шығармашылық шеберханалар, ұжымдық панно дайындау, жасақтың арт-көрмесін ұйымдастыру, визуалды идеялар байқауы, ББСО аумағындағы пленэр, табиғат зарисовкаларын орындау, аңыздар мен ертегілерге иллюстрациялар әзірлеу, ауысымның визуалды күнделігін жүргізу.

Қолайлы жағдай болған кезде графикалық планшеттер, цифрлық қылқаламдар, сурет салуға арналған қосымшалар, интерактивті панельдер, цифрлық проекторлар, фотопринтерлер, жарық планшеттері, 3D-қаламдар, плоттерлер және баспа графикасына арналған қауіпсіз жинақтар пайдаланылуы мүмкін.

Арнайы жабдықтар болмаған жағдайда қағаз, картон, қарындаштар, маркерлер, гуашь, акварель, табиғи және қолда бар материалдар қолданылады.

Күтілетін нәтиже: қатысушылардың көркем әлеуеті ашылады, визуалды ойлауы дамиды, шығармашылық өзін-өзі көрсету дағдылары қалыптасады және өз қабілеттеріне деген сенімділігі артады.

Театр, сторителлинг және перформанс

Бұл бағыт сахналық мәдениетті, мәнерлі сөйлеуді, эмоционалдық интеллектіні, сенімділікті, сондай-ақ образбен, мәтінмен, қимылмен және аудиториямен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Іске асырудың ықтимал нысандары: театр этюдтері, импровизация, актерлік тренингтер, сторителлинг, шағын спектакль қою, пластикалық театр, көлеңке театры, заттар театры, рөлдер бойынша оқу, «Адал азамат» құндылықтарына арналған сахналық көріністер, форум-театр, ашық алаңдағы перформанс, сөзсіз спектакль, маскалар театры, Қазақстан аңыздары бойынша қойылымдар, монологтар байқауы, жанды оқиғалар кеші, дауыс және дикциямен жұмыс.

Қолайлы жағдай болған кезде микрофондар, жарық жабдықтары, проектор, музыкалық аппаратура, видеопроекциялар, қарапайым сахналық декорациялар, костюмдер, реквизиттер, көлеңке театрына арналған экран, видеомэппинг немесе мультимедиялық сүйемелдеу технологиялары пайдаланылуы мүмкін. Техника болмаған жағдайда ашық алаң, қарапайым реквизиттер, мата, қағаз, картон, дауыс және қимыл жеткілікті болады.

Күтілетін нәтиже: сахналық сенімділік, көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті, эмоционалдық мәнерлілік және командалық өзара әрекет дағдылары дамиды.

Музыка, ырғақ, қимылжәнеби

Бұл бағыт музыкалық қабілетті, ырғақ сезімін, пластиканы, үйлесімділікті, эмоционалдық жеңілдеуді және ұжымдық шығармашылық өзара әрекетті дамытуға бағытталған.

Іске асырудың ықтимал нысандары: ырғақтық ойындар, дене перкуссиясы (body percussion), вокалдық шеңберлер, би флешмобтары, би нөмірлерін қою, музыкалық импровизациялар, шу оркестрі, қауіпсіз қолда бар заттардан ырғақ құрастыру, «Лагерь дыбысы» шеберханасы, бибаттл, музыкалық кештер, этно-ырғақтар, көңіл күй бойынша қимылдар, хореографиялық скетчтер, ауысымның дыбыстық ашықхаты.

Қолайлы жағдай болған кезде музыкалық аспаптар, микрофондар, колонкалар, луп-станция, музыка жасауға арналған қосымшалар, MIDI-пернетақта, дыбыс жазу бағдарламалары, визуалды сүйемелдеу үшін проектор, дыбыс дизайнына арналған құлаққаптар пайдаланылуы мүмкін. Жабдық болмаған жағдайда дауыс, шапалақ, қадам, қауіпсіз заттар, ұлттық және қимылды ойындар қолданылады.

Күтілетін нәтиже: музыкалық-қимылдық мәдениет дамиды, эмоционалдық әл-ауқат артады, командалық өзара әрекет күшейеді және өзін-өзі көрсетудің позитивті тәжірибесі қалыптасады.

Дизайн, сән, сәндік-қолданбалы шығармашылық және қолөнер

Бұл бағыт эстетикалық талғамды, ұқыптылықты, еңбекқорлықты, жобалық ойлауды, қол еңбегіне, ұлттық мәдениетке және дизайнның қазіргі нысандарына құрметті дамытуға ықпал етеді.

Іске асырудың ықтимал нысандары: ою-өрнек шеберханасы, костюм дизайны, қауіпсіз материалдардан аксессуарлар жасау, заттарды безендіру,

қағаз архитектурасы, макеттеу, эко-дизайн, апсайклинг, жасақ кеңістігін ресімдеу, жасақтың эмблемасы мен фирмалық стилін әзірлеу, тоқыма өнері, қағаз мүсін, ашықхаттар, арт-объектілер, жарнама парағының дизайны, сценография, «Заттың екінші өмірі» байқауы, заманауи форматтағы этнодизайн.

Қолайлы жағдай болған кезде ересектердің бақылауымен тігін құрал-жабдықтары, термопрестер, матаға басып шығаруға арналған қауіпсіз жинақтар, 3D-қаламдар, плоттер, қауіпсіздік талаптары толық сақталған жағдайда лазерлік кесу құрылғылары, дизайн бағдарламалары, графикалық планшеттер пайдаланылуы мүмкін. Арнайы жабдық болмаған жағдайда мата, қағаз, картон, жіптер, ленталар, табиғи және қайта өңделген материалдар қолданылады.

Күтілетін нәтиже: практикалық шығармашылық дағдылар дамиды, еңбекке

Цифрлық өнер, анимация және креативті технологиялар

Цифрлық креативтілікті, медиасауаттылықты, технологиялық мәдениетті, цифрлық құралдарды қауіпсіз пайдалануды және заманауи визуалды өнім жасау қабілетін дамытуға бағытталған.

Іске асырудың ықтимал нысандары: Digital-постер, цифрлық коллаж, покадрлық stop-motion анимация, GIF-анимация, комикс, интерактивті таныстырылым, фото оқиға, видео зарисовка, дербес деректерді жарияламай арт-фильтр, цифрлық ашық хат, мультимедиялық көрме, жұмыстардың QR-галереясы, ауысымның цифрлық портфолиясы, визуалды сторителлинг, «Идея көзі ретінде жасанды интеллект» шеберханасы, moodboard жасау, ББСО стикерлері мен эмодзилерін әзірлеу, педагогтің бақылауымен қауіпсіз AI-құралдар арқылы идеялар генерациялау.

Қолайлы жағдай болған кезде планшеттер, ноутбуктер, графикалық планшеттер, интерактивті панельдер, проекторлар, сурет салу, монтаж, анимация және дизайнға арналған қосымшалар, VR/AR-материалдар, 3D-модельдеу, идеялар мен референстер генерациясына арналған нейрожелілік құралдар, фотокамералар және аудиоредакторлар пайдаланылуы мүмкін. Техника болмаған жағдайда цифрлық идеялар қағазда модельденеді: storyboard, кадр жоспары, интерфейс макеті, анимация карточкалары, қағаз прототип.

Күтілетін нәтиже: цифрлық креативтілікті, медиа сауаттылықты, технологияларды қауіпсіз пайдалану мәдениетін және заманауи визуалды өнім жасау дағдыларын қалыптастыру.

Фото, видео, медиа және арт-коммуникация

Визуалды әңгімелеу дағдыларын, медиа мәдениетті, командалық коммуникацияны, көпшілік алдында таныстыруды және адамның бейнесі мен ақпаратқа жауапты қатынасты дамытуға бағытталған.

құрмет қалыптасады, эстетикалық талғам жетіледі және пайдалы көркем өнім жасау қабілеті қалыптасады.

Іске асырудың ықтимал нысандары: Фотосеруен, ауысымның фото жылнамасы, қатысушылармен сұхбат, «ART ALEM-нің бір күні» репортажы, жасақтың видеовизиткасы, қысқаметражды ролик, құндылықтар туралы әлеуметтік жарнама, шығармашылық туралы подкаст, фестивальдің жарнама парағы, қолайлы жағдай болған кезде онлайн-қабырға газеті, ББСО арт-жаңалықтары, «Түс, жарық, көңіл күй» фотобайқауы, арт-команданың медиа күнделігі, «Күн кадры» көрмесі, түсірілімге келісім және адамды құрметпен бейнелеу қағидаларымен жұмыс.

Қолайлы жағдай болған кезде фото- және видео камералар, смартфондар, тұрақтандырғыштар, микрофондар, жарық, монтаж бағдарламалары, онлайн-тақталар, бұлтты қалталар, проекторлар, интерактивті экрандар пайдаланылады. Жабдық болмаған жағдайда қатысушылар қағаз газеттер, ауызша репортаждар, раскадровкалар, плакаттар, стендтер және тірі таныстырылымдар жасайды.

Күтілетін нәтиже: Медиа сауаттылықты, визуалды коммуникацияны, жауапкершілікті, көпшілік алдында сөйлеуді және шығармашылық нәтижені ұсыну мәдениетін дамыту.

Креативті жобалау және арт-фестиваль

Жобалық ойлауды, жоспарлауды, рөлдерді бөлуді, командалық жауапкершілікті, көрме, көрсетілім, фестиваль немесе шығармашылық бастама дайындауды дамытуға бағытталған.

Іске асырудың ықтимал нысандары: Жобалық шеберхана, арт-хакатон, дизайн-спринт, идеялар фестивалі, кураторлық зертхана, көрме дайындау, көрсетілімге дайындық, арт-жоба паспорты, коммерциялық іске асырусыз идеялар арт-маркеті, «Лагерь кеңістігін өзгертеміз» командалық жобасы, фотозона ресімдеу, инсталляция, ұжымдық көрме, шығармашылық идеяны таныстыру, «Жобаға қосқан үлесім» рефлексиясы.

Қолайлы жағдай болған кезде цифрлық таныстырылымдар, 3D-макеттер, интерактивті стендтер, QR-галерея, проектор, жарық, дыбыс, онлайн-дауыс беру, цифрлық портфолио қолданылады. Жағдай болмаған кезде жоба қағаз макеттер, ауызша қорғау, стендтер, тірі өнер көрсету және кеңістікті қолмен ресімдеу арқылы іске асырылады.

Күтілетін нәтиже: жобалық мәдениетті, ортақ нәтижеге жауапкершілікті, таныстыру, ынтымақтастық және ББСО кеңістігіне жасампаз қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Шығармашылық мәдениет және «Адал азамат» құндылықтары

Адалдықты, жауапкершілікті, еңбекке, мәдениетке, басқа адамның талантына, ортақ кеңістікке және ұжымдық шығармашылық нәтижеге құрметті тәрбиелеуге бағытталған.

Іске асырудың ықтимал нысандары: Ұжымдық шығармашылық істер, шығармашылық жасақ кодексі, алғыс кеші, «Өнер және жауапкершілік» пікірталасы, шығармашылық тапсырмалар, әлеуметтік бастамалар, өнер

арқылы игі істер, «Айналамыздағы сұлулық» акциясы, ББСО кеңістігін ресімдеу, құндылықтар туралы плакаттар, адалдық, құрмет және еңбекқорлық туралы спектакль немесе перформанс, «Шығармашылық маған нені үйретті?» рефлексиясы.

Қолайлы жағдай болған кезде цифрлық жетістіктер тақтасы, игі істердің QR-галереясы, шығармашылық бастамалардың фотоесебі, «Адал арт-қадам» медиакүнделігі, командалық бастамаларға интерактивті дауыс беру пайдаланылады. Цифрлық құралдар болмаған жағдайда стендтер, жетістік карточкалары, плакаттар, ауызша таныстырылымдар, алғыс шеңберлері және ұжымдық рефлексия қолданылады.

Күтілетін нәтиже: Мәдениетті, еңбекті, басқа адамның талантын және ұжымдық нәтижені құрметтейтін шығармашылық белсенді, жауапты, еңбекқор және әлеуметтік ашық қатысушыны қалыптастыру.

Бағдарламаның өзектілігін негіздеу

Бағдарламаның өзектілігі сауықтыруды, тәрбиені, шығармашылық әлеуетті, эмоционалдық әл-ауқатты, коммуникативтік мәдениетті және позитивті әлеуметтенуді дамытуды ұштастыратын балалардың қауіпсіз, мазмұнды және қолжетімді жазғы демалысын ұйымдастыру қажеттілігімен айқындалады.

Қазіргі балалар тірі қарым-қатынасқа, эмоционалдық қалпына келуге, дербестікке, командалық жұмысқа, креативті ойлауға, мәдени хабардарлыққа, технологиялық сауаттылыққа және өз идеяларын сындарлы түрде білдіру қабілетін дамытуға мұқтаж.

Бағдарламаның мазмұны адал, жауапты, еңбекқор, патриот және әлеуметтік белсенді азаматты қалыптастыруды көздейтін «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі тәсілдерімен сабақтасады. Шығармашылық ББСО жағдайында бұл бағдарлар ұжымдық шығармашылық істер, еңбекке құрмет, мәдени бастамалар, арт-жобалар, командалық қойылымдар, көрмелер, әлеуметтік мәні бар тапсырмалар және күнделікті құрметті өзара әрекет мәдениеті арқылы іске асырылады.

Маусымдық ББСО осы міндеттерді шешуге қолайлы орта болып табылады, өйткені уақытша балалар ұжымын, күн тәртібін, таза ауада белсенді болуды, көркем, сахналық, музыкалық-қимылдық, медиалық және жобалық қызмет түрлерінің алуан түрлілігін, сондай-ақ нәтижелерді көпшілік алдында ұсыну мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Бағдарлама білім беру және сауықтыру жүктемесінің теңгерімін қамтамасыз етеді және мазмұнды нақты ББСО жағдайына, қатысушылардың жасына, жергілікті жердің климаттық ерекшеліктеріне, кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне бейімдеу мүмкіндігін көздейді.

Мақсатты аудиторияның сипаттамасы

Бағдарламаның нысаналы аудиториясы маусымдық лагерлік ауысымға қатысатын 7-16 жас аралығындағы кәмелетке толмағандар болып табылады.

Бағдарлама қатысушылардың қызығушылықтарындағы, дайындық деңгейіндегі, шығармашылық тәжірибесіндегі, физикалық дамуындағы, коммуникативтік дағдыларындағы және жеке ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды ескереді. Жұмыс нысандары әр бала шамасы келетін қызметке тартылып, табыс жағдайын сезіне алатындай таңдалады.

Қажет болған жағдайда Ұйым ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жекелеген қызмет түрлерін мамандардың ұсынымдарын, медициналық көрсетілімдерді, ортаның мүмкіндіктерін және заңды өкілдермен келісуді ескере отырып бейімдейді.

Бағдарламаның жаңалығы және ерекшелік белгілері

Бағдарламаның жаңалығы екі міндетті модульге: білім беру және сауықтыру модульдеріне қойылатын талаптарды сақтай отырып, бір 10 күндік ауысым аясында классикалық және заманауи шығармашылық практикаларды кешенді біріктіруде.

- бейнелеу өнерін, театрды, музыканы, қимылды, дизайнды, медианы, цифрлық өнерді және жобалық қызметті ұштастыру;

- жұмыс нысандарының вариативтілігі: қолжетімді қағаз, сахналық және қолданбалы нысандардан бастап жағдай болған кезде цифрлық, мультимедиялық және интерактивті нысандарға дейін;

- шығармашылық ойлауды, эмоционалдық интеллектті, медиасауаттылықты және нәтижені көпшілік алдында ұсыну мәдениетін дамыту;

- «Адал азамат» құндылықтарын еңбек, басқа адамның талантына құрмет, ұжымдық шығармашылық істер және әлеуметтік мәні бар бастамалар арқылы іске асыру;

- жетістіктер фестиваліне, көрмелерге, көрсетілімдерге, перформанстарға және командалық арт-жобаларға бағдарлану;

- күтілетін нәтижелердің өлшенімділігі және ауысым қорытындысы бойынша мониторинг жүргізу мүмкіндігі.

Бағыт	Қызмет мазмұны	Іске асыру нысандары	Күтілетін нәтиже
Бейнелеу өнері	Сурет, түс, композиция, визуалды образ	Арт-шеберханалар, пленэр, коллаж, панно, зиндер	Көркем ойлауды дамыту
Театр және сторителлинг	Сахналық мәдениет, сөйлеу, образ, импровизация	Этюдтер, шағын спектакльдер, көлеңке театры, перформанс	Сенімділік және мәнерлілік
Музыка және	Ырғақ, дауыс,	Body percussion,	Музыкалық-

Бағыт	Қызмет мазмұны	Іске асыру нысандары	Күтілетін нәтиже
қимыл	пластика, эмоционалдық жеңілдеу	вокалдық шеңберлер, би флешмобтары	қимылдық мәдениет
Дизайн және қолөнер	Практикалық шығармашылық, этнодизайн, апсайклинг	Макеттер, костюмдер, аксессуарлар, кеңістікті ресімдеу	Эстетикалық талғам және еңбекқорлық
Digital art және медиа	Цифрлық креативтілік және медиасауаттылық	Stop-motion, цифрлық коллаж, фото, видео, QR-галерея	Заманауи визуалды мәдениет
Арт-жобалау	Жоба, көрме, фестиваль, таныстырылым	Арт-хакатон, дизайн-спринт, кураторлық зертхана	Командалық жауапкершілік және таныстырылым

4-бөлім. Мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты

Өртүрлі шығармашылық қызмет нысандары арқылы кәмілетке толмағандардың физикалық және психоэмоциялық денсаулығын нығайтуға, олардың шығармашылық, көркем, сахналық, музыкалық-қимылдық, дизайнерлік, медиа мәдени, коммуникативтік және жобалық құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес құндылық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған маусымдық ББСО білім беру-сауықтыру ортасын құру.

Бағдарлама ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеуге, басқа адамның еңбегі мен талантына ұқыпты қарауға, командада жұмыс істеуге, дербестік танытуға және жасампаз шығармашылық қызметке қатысуға қабілетті адал, жауапты, еңбекқор, мәдениетті, бастамашыл және әлеуметтік белсенді қатысушыны тәрбиелеуге бағдарланған.

Бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаның міндеттері білім беру және сауықтыру модульдері арқылы іске асырылады.

Білім беру міндеттері

1. Қатысушылардың шығармашылық, сыни, ассоциативті, бейнелі және жобалық ойлауын дамытуға жағдай жасау.

2. Көркем қабілеттерін, қиялын, визуалды мәдениетін, түс, пішін, композиция және көркем образ сезімін дамыту.

3. Сахналық мәдениет, мәнерлі сөйлеу, импровизация, образбен, қимылмен, дауыспен және аудиториямен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

4. Музыкалық-қимылдық мәдениетті, ырғақ сезімін, эмоционалдық мәнерлілікті және ұжымдық орындауға қабілетті дамыту.

5. Дизайн, сәндік-қолданбалы шығармашылық, этнодизайн, апсайклинг және қол еңбегі мәдениетінің негіздерін қалыптастыру.

6. Медиа сауаттылық негіздерін, цифрлық өнерді, цифрлық құралдарды қауіпсіз пайдалануды және визуалды әрі медиаконтентті жауапты жасауды дамыту.

7. Командалық жұмыс, қарым-қатынас, көшбасшылық, өзара көмек, дербестік, жауапкершілік және нәтижелерді көпшілік алдында ұсыну дағдыларын қалыптастыру.

8. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының тәрбиелік бағдарларына сәйкес азаматтық жауапкершілікті, патриотизмді, ұлттық құндылықтарға, мәдениетке, еңбекке, шығармашылыққа және қоғамдық мүдделерге құрметті қалыптастыруға ықпал ету.

9. Ұжымдық шығармашылық істер, арт-жобалар, фестивальдер және ББСО күнделікті өзара әрекет мәдениеті арқылы қатысушылардың адалдық, әділдік, жауапкершілік, құрмет, еңбекқорлық, ортақ кеңістікке ұқыпты қарау және жасампаз мінез-құлық құндылықтарын практикалық меңгеруін қамтамасыз ету.

Сауықтыру міндеттері

1.Қатысушылардың физикалық денсаулығын нығайтуға және қимыл белсенділігін арттыруға жағдай жасау.

2.Белсенділікті, демалысты, тамақтануды, ұйқыны, білім беру және сауықтыру қызметін ұтымды кезектестіруді қамтамасыз ету.

3.Салауатты өмір салтына, жеке гигиенаға және қауіпсіз мінез-құлыққа тұрақты ынта қалыптастыру.

4.Музыкалық-қимылдық, спорттық, ойын және шығармашылық белсенділіктер арқылы үйлесімділікті, пластиканы, төзімділікті, эмоционалдық өзін-өзі реттеуді және командалық өзара әрекетті дамыту.

5.Шаршаудың, эмоционалдық шиеленістің және жанжалды жағдайлардың алдын алуды қамтамасыз ету.

6.Бала сынап көруге, кателесуге, өнер көрсетуге және қолдау алуға мүмкіндік алатын психологиялық қауіпсіз, қолдаушы және мейірімді орта құру.

7.Шығармашылық, сахналық, тұрмыстық, спорттық, әлеуметтік және ақпараттық ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

8.«Адал Азамат» құндылықтарының практикалық көрінісі ретінде өзіне және айналасындағыларға қамқорлық жасау мәдениетін, құрметті қарым-қатынасты, денсаулыққа, күн тәртібіне, ББСО ортақ кеңістігіне және бірге тұру қағидаларына жауапты қатынасты қалыптастыруға ықпал ету.

Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері ауысым қорытындысы бойынша педагогикалық бақылау, қатысуды есепке алу, шығармашылық өнімдерді талдау, сауалнама және қатысушылардың рефлексиясы негізінде өлшенетін және тексерілетін болып табылады.

1) Қатысушылардың 100%-ы білім беру, тәрбиелік, шығармашылық, спорттық-сауықтыру және бос уақыт қызметімен қамтылады.

2) Қатысушылардың кемінде 90%-ы көркем, сахналық, музыкалық-қимылдық, дизайнерлік, медиалық немесе жобалық іс-шараларға қатысады.

3) Қатысушылардың кемінде 85%-ы ұжымдық шығармашылық істерге, дайындықтарға, көрмелерге, көрсетілімдерге, фестивальдерге немесе таныстырылымдарға тартылады.

4) Қатысушылардың кемінде 80%-ы жеке немесе командалық шығармашылық өнім жасайды: сурет, коллаж, сахналық көрініс, нөмір, дизайн-объект, медиаөнім, арт-жоба немесе өзге нәтиже.

5) Қатысушылардың кемінде 75%-ы арт-фестиваль, көрме, көрсетілім, медиатаныстырылым немесе командалық шығармашылық жобаны дайындауға қатысады.

6) Қатысушылардың кемінде 75%-ы қолданылған жағдайда шығармашылық материалдарды, сахналық кеңістікті, медиа құралдарды немесе цифрлық құралдарды қауіпсіз пайдаланудың базалық дағдыларын меңгереді.

7) Қатысушылардың кемінде 85%-ы коммуникативтік дағдылар, командалық өзара әрекет, жауапкершілік және дербестік бойынша оң динамика көрсетеді.

8) Қатысушылардың кемінде 85%-ы эмоционалдық жағдай, бейімделу, өзін-өзі көрсетуге сенімділік және психологиялық жайлылық бойынша оң динамика көрсетеді.

9) Қатысушылардың кемінде 90%-ы құрмет, еңбекқорлық, жауапкершілік, адалдық, қарым-қатынас мәдениеті және жасампаз қатысу сияқты «Адал азамат» құндылықтарымен байланысты іс-шараларға тартылады.

10) Қатысушылардың кемінде 95%-ы ауысым мазмұнына, болу жағдайларына және іс-шараларды ұйымдастыруға қанағаттанады.

11) Қатысушылардың 100%-ы қауіпсіз болу жағдайларымен, медициналық сүйемелдеумен, психологиялық-педагогикалық қолдаумен және толыққанды демалыс пен сауықтыру жағдайларымен қамтамасыз етіледі.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаны іске асыру екі өзара байланысты модуль арқылы жүзеге асырылады: білім беру модулі және сауықтыру модулі.

Модульдер қатысушылардың күнделікті қызметіне кіріктірілген және білім беру, тәрбиелік, шығармашылық, жобалық, сахналық, музыкалық-

қимылдық, спорттық, сауықтыру және бос уақыт қызметін ұштастыра отырып, баланың жеке тұлғасын кешенді дамытуға ықпал етеді.

Модульдердің мазмұны кәмелетке толмағандардың жас, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, ауысым ұзақтығын, Ұйымның жұмыс істеу режимін, тұру, тамақтану, медициналық сүйемелдеу және қауіпсіздік жағдайларын ескере отырып іске асырылады.

1. Білім беру модулі

Білім беру модулі шығармашылық ойлауды, көркем, сахналық, музыкалық-қимылдық, дизайнерлік, медиамәдени, жобалық, коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларды дамытуға бағытталған.

Маусымдық ұйымның білім беру модулінің мазмұны қызығушылықтар бойынша үйірмелер мен секциялар арқылы дамытушы сабақтарды, жобалық, зерттеу және шығармашылық қызметті, мастер-кластар, тренингтер, зертханалық және практикалық жұмыстар арқылы практикалық-бағдарланған сабақтарды, сондай-ақ тәрбиелік іс-шаралар мен жобаларды қамтиды.

Әрбір ауысым күні білім беру модулі шеңберінде кемінде екі дамытушы, жобалық, зерттеу немесе шығармашылық сабақ, кемінде екі практикалық-бағдарланған сабақ, сондай-ақ кемінде екі тәрбиелік іс-шара немесе жоба өткізу көзделеді.

Білім беру модулінің бағыттары

Бағыт	Мазмұны	Іске асыру нысандары	Нәтиже
Арт-шеберханалар	Сурет, түс, композиция, коллаж, визуалды күнделік	Мастер-кластар, пленэр, панно, зиндер, арт-көрме	Көркем ойлауды дамыту
Театр және перформанс	Сөйлеу, қимыл, образ, импровизация, сахналық мәдениет	Этюдтер, көлеңке театры, шағын спектакльдер, форум-театр	Сенімділік және мәнерлілік
Музыка және қимыл	Ырғақ, дауыс, пластика, эмоционалдық жеңілдеу	Body percussion, билер, вокалдық шеңберлер, шу оркестрі	Музыкалық-қимылдық мәдениет
Дизайн және қолөнер	Этнодизайн, апсайклинг, макеттеу, кеңістікті ресімдеу	Декор, костюмдер, аксессуарлар, жарнама парақтары, сценография	Практикалық шығармашылық дағдылар
Цифрлық өнер	Цифрлық	Stop-motion,	Медиасауаттылық

Бағыт	Мазмұны	Іске асыру нысандары	Нәтиже
және медиа	креативтілік, фото, видео, анимация	цифрлық коллаж, QR-галерея, медиакүнделік	және цифрлық мәдениет
Арт-жобалау	Жобалық жұмыс, көрме, фестиваль, таныстырылым	Арт-хакатон, дизайн-спринт, кураторлық зертхана	Жобалық ойлау және командалық

2. Сауықтырумодулі

Сауықтыру модулі қатысушылардың физикалық және психо эмоциялық денсаулығын нығайтуға, аурулардың алдыналуға, салауатты өмір салтының тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, оңтайлы күн тәртібін, демалысты, дұрыс тамақтануды және эмоционалды қал-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған.

Сауықтыру модулі дене белсенділігіне бағытталған іс-шараларды, Ұйымның жағдайларымен медициналық көрсетілімдерді ескере отырып балаларды шынықтыруды, аурулардың алдын алуды, дұрыс тамақтанумен ауызсу режимін сақтауды, оңтайлы күн тәртібімен демалысты ұйымдастыруды, психологиялық сүйемелдеуді және балалардың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз етуді қамтиды.

Сауықтыру модулінің жалпы көлемі күніне 3 академиялық сағаттан аспайды. Сауықтыру іс-шараларының көлемімен қарқындылығы білім беру жүктемесіне сәйкес айқындалады және ауысым бойы біркелкі бөлінеді.

Сауықтыру модулінің бағыты	Мазмұны	Іске асыру нысандары	Нәтиже
Дене белсенділігі	Қимыл белсенділігін дамыту және денсаулықты нығайту	Жаттығу, би арқылы сергіту жаттығулары, қимылды ойындар, серуендер	Қимыл белсенділігін арттыру
Профилактика және СӨС	Пайдалы әдеттерді, жеке гигиенаны және режимді	Әңгімелер, практикалық жадынамалар, режимді бақылау	Салауатты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары

Сауықтыру модулінің бағыты	Мазмұны	Іске асыру нысандары	Нәтиже
	қалыптастыру		
Тамақтану және ауызсу режимі	Тамақтану режимін сақтау және ауызсуға қолжетімділік	Ақпараттық минуттар, ауызсу режимін бақылау	Тамақтану мен суға саналы қатынас
Эмоционалдық әл-ауқат	Шиеленісті азайту және бейімделуді қолдау	Шырақтар, арт-рефлексия, сенім ойындары, әңгімелер	Психологиялық жайлылық
Қауіпсіздік	Жарақаттанудың және қауіпті мінез-құлықтың алдын алу	Нұсқамалар, сүйемелдеу, сахналық және шығармашылық іс-шаралар қағидалары	Қауіптерді азайту және қағидаларды сақтау

Модульдерді ауысым мазмұнына кіріктіру

Білім беру және сауықтыру модульдері өзара байланыста іске асырылады. Көркем, сахналық, музыкалық, дизайнерлік, медиалық және жобалық іс-шаралар белсенді демалыспен, қимылды ойындармен, серуендермен, тамақтанумен, демалыспен және рефлексиямен кезектеседі. Бұл интеллектуалдық, эмоционалдық, шығармашылық және физикалық жүктеменің теңгерімін қамтамасыз етеді.

12 күндік ауысымның үлгілік жоспар-кестесі

Күн	Күн тақырыбы	Педагогикалық міндет	Қорытынды өнім/нәтиже
1	«ART Start» - ауысымның ашылуы	Бейімделу, қауіпсіздік, шығармашылық танысу	Жасақ символы, шығармашылық команда қағидалары
1	«Бір команда - бір шабыт» - команда күні	Шығармашылық ұжымды қалыптастыру	Арт-команданың визиткасы, рөлдерді бөлу
2	«Түс пен сызық» - визуалды өнер күні	Көркем ойлауды дамыту	Ұжымдық панно немесе арт-күнделік
2	«Сахна және дауыс» - театр күні	Сөйлеуді, образды және сахналық мәдениетті дамыту	Шағын этюдтер немесе сахналық көрініс
3	«Ритм және	Ырғақты, пластиканы	Музыкалық-

Күн	Күн тақырыбы	Педагогикалық міндет	Қорытынды өнім/нәтиже
	«Қозғалыс» - музыкалық-қимылдық күн	және эмоционалдық жеңілдеуді дамыту	қимылдық нөмір
4	«Design Lab» - дизайн және қолөнер күні	Практикалық шығармашылық пен этнодизайнды дамыту	Дизайн-объект, жарнама парағы немесе ресімдеу элементі
5	«Digital Art» - медиа және цифрлық шығармашылық күні	Медиасауаттылықты және заманауи визуалды мәдениетті дамыту	Постер, фотооқиға, анимация немесе storyboard
6	«Creative Project» - арт-идеялар күні	Жобалық ойлауды дамыту	Жеке немесе командалық арт-жоба тұжырымдамасы
7	«Жоба күні» - жобалау күні	Қорытынды шығармашылық жобаларды дайындау	Жобаның, нөмірдің немесе экспозицияның бастапқы нұсқасы
8	«Дайындық және үйлесім» - дайындық күні	Жобаларды пысықтау, дайындық және ресімдеу	Фестивальге дайын материалдар
9	«ART Fest» - жетістіктер фестивалі	Ауысым нәтижелерін таныстыру	Көрме, көрсетілім, перформанс, марапаттау
10	«Қоштасу күні» - ауысымды жабу	Рефлексия, қорытындылау, шығу	Қорытынды сауалнама, жетістіктер карточкасы, жабылу

Ауысым мазмұнын күндер бойынша нақтылау

1-күн. «ART Start» - ауысымның ашылу күні

Күнкомпоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	- ББСО аумағымен және болу қағидаларымен танысу. «Менің белгісім» дамытушы шығармашылық ойыны: қызығушылықтар, күтулер, көңіл күй.
Практикалық-	Қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-

Күнкомпоненті	Мазмұны
бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	гигиеналық қағидалар, шығармашылық материалдарды пайдалану және күн тәртібі бойынша нұсқамалар. • «Біздің арт-команда» практикалық жұмысы: атауы, символы, ұраны, өзара әрекет қағидалары.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	• Ауысымның салтанатты ашылуы. • «Күткен үмітімнің түсі» кешкі арт-рефлексиясы.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	• Таңертеңгі бейімдеу сергіту жаттығуы, аумақ бойынша серуен, танысуға арналған қимылды ойындар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Арт-командаларқалыптасты, қатысушылар қағидалармен танысты және шығармашылық ортаға қосылды.

2-күн. «Бір команда –біршабыт» - шығармашылық команда күні

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы жобалық зерттеу шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	• «Шығармашылық жобадағы команда: рөлдер және үлес» дамытушы сабағы. • Сенім, коммуникация және шығармашылық өзара әрекетке арналған командалық ойын.
Практикалық-бағдарланған сабақтар(кемінде 2)	• Рөлдерді бөлутренингі: суретші, сценарист, дизайнер, спикер, ұйымдастырушы, куратор. • «Шығармашылық идея бойынша қалай келісуге болады» практикумы.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	• «Басқа адамның таланты менен бегіне құрмет» тәрбиелік іс-шарасы. • Командалардың арт-визиткалар кеші.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	• Таңертеңгі жаттығу, би арқылы сергіту жаттығуы, бірігуге арналған ойындар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Қатысушылар командалық шығармашылық қағидаларын меңгеріп, арт-визитка дайындады.

2-күн. «Түспен сызық» - визуалды өнер күні

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу /	• «Түс, сызық, пішін және көңіл күй»

Күн компоненті	Мазмұны
шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	дамытушы сабағы. • «Тұсарқылы образ» шығармашылық зертханасы.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	• Коллаж, скетчинг, плакат немесе ұжымдық панно бойынша мастер-класс. • «Көрмелік жұмыстың композициясы» практикумы.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	• «Суретшінің еңбегі және көрермен мәдениеті» тәрбиелік әңгімесі. • Күн жұмыстарының шағын көрмесі және кері байланыс шеңбері.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	• Жаттығу, бақылау-серуен, «Айналамыздағытүстер» қимылдыойыны.
Күннің күтілетін нәтижесі	Жеке немесе ұжымдық визуалды жұмыстар дайындалды.

3-күн. «Сахна және дауыс» - театр күні

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	• «Дауыс, ым-ишара, мимика және образ» дамытушы сабағы. • Импровизация және өзара әрекетке арналған шығармашылық этюдтер.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	• Сахналық сөйлеу және қимыл практикумы. • Шағын сахналық көрініс, көлеңке театры немесе перформанс шеберханасы.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	• «Серіктес пен көрермен алдындағы жауапкершілік» тәрбиелік іс-шарасы. • Театр этюдтерін көрсету және рефлексия.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	• Жаттығу, тыныс алу жаттығулары, назар мен үйлесімділікке арналған қимылды ойындар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Командалар сахналық этюд немесе шағын қойылым дайындады.

3-күн. «Ритм және қозғалыс» - музыкалық-қимылдықкүн

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу /	• «Ырғақ, дыбыс және қимыл—

Күн компоненті	Мазмұны
шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	эмоциялар тілі» дамытушы сабағы. • Ырғақ сезіміне арналған музыкалық-қимылды қойын.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	• Body percussion, вокалдық шеңбер немесе шуоркестрі практикумы. • Бине немесе пластикалық нөмірі бойынша мастер-класс.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	• «Өнер көрсетудегі ынтымақтастық және қолдау» тәрбиелік әңгімесі. • Ырғақ, би және музыкалық импровизациялар кеші.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	• Жаттығу, би арқылы сергіту жаттығуы, эмоционалдық жеңілдеуге арналған қимылды ойындар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Музыкалық-қимылдық нөмір немесе ырғақтық композиция дайындалды.

4-күн. «Design Lab» - дизайн және қолөнер күні

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	• «Дизайн шешім ретінде: пайда, сұлулық, мән» дамытушы сабағы. • Этнодизайнмен, ою-өрнекпен, жарнама парағымен немесе сценографиямен танысу.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	• Афиша, аксессуар, костюм, арт-объект немесе ресімдеу элементін жасау бойынша мастер-класс. • Қолжетімді материалдардан апсайклинг немесе макеттеу практикумы.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	• «Еңбек, ұқыптылық және ортақ кеңістікке жауапкершілік» тәрбиелік іс-шарасы. • Командалардың дизайн-шешімдерін таныстыру.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	• Жаттығу, серуен, шаршау мен ширығудың алдын алуға арналған жаттығулар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Дизайн-объектілер, ресімдеу элементтері немесе макеттер жасалды.

5-күн. «DigitalArt» - медиа және цифрлық шығармашылық күні

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	«Визуалды мәдениет, медиа және бейненің қауіпсіздігі» дамытушы сабағы. «Идеядан кадрға»: storyboard, композиция, хабарлама сабағы.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	- Практикалық жұмыс: цифрлық немесе қағаз постер, фото оқиға, stop-motion, комикс немесе медиа күнделік. «Жұмысты қалай таныстыру керек: атауы, идеясы, авторлық түсіндірме» практикумы.
Тәрбиелік-шаралармен жобалар (кемінде 2)	«Цифрлық және шығармашылық ортадағы жауапкершілік» тәрбиелік іс-шарасы. «Жанды қарым-қатынас» кеші: цифрлық теңгерім және авторлық туралы талқылау.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттанаспайды)	Жаттығу, гаджетсіз спорттық ойын, серуен, коммуникацияға арналған жаттығулар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Шығармашылық мәдениет тақырыбы бойынша визуалды немесе медиа өнім жасалды.

6-күн. «Creative Project» - арт-идеялар күні

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	«Арт-жоба дегеніміз не: идея, аудитория, нысан, нәтиже» дамытушы сабағы. - Дизайн-ойлау сабағы: қажеттілік, идея, прототип, таныстырылым.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	«Фестивальге арналған идея» арт-хакатоны немесе дизайн-спринті. «Жоба паспорты» практикумы: мақсат, рөлдер, материалдар, тәуекелдер, нәтиже.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	«Ортақ істегі адалдық, еңбек және жауапкершілік» тәрбиелік іс-шарасы. - Командалардың қысқа арт-

Күн компоненті	Мазмұны
	идеяларын таныстыру.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	• Жаттығу, спорттық үзіліс, стратегия мен өзара әрекетке арналған командалық ойын.
Күннің күтілетін нәтижесі	Командалар қорытынды шығармашылық жобаның тұжырымдамасын дайындады.

7-күн. «Жоба күні» - жобалау күні

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	• «Шығармашылық жобаны қалай ресімдеу керек: идея, кезеңдер, нәтиже» дамытушы сабағы. • Таңдалған шығармашылық бағыттар бойынша жобалық консультация.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	• Қорытынды өнімді, нөмірді, көрмені немесе медиа объектіні дайындау бойынша практикалық жұмыс. • Таныстырылым тренингі: сөйлеу құрылымы, рөлдерді бөлу, репетиция.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	• «Ортақ нәтижеге қосқан үлесім» тәрбиелік іс-шарасы. • Жобалық командалар кеші және кері байланыс алмасу.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттанаспайды)	•Жаттығу,серуен, шаршаудың алдыналуға арналған белсенді ойын.
Күннің күтілетін нәтижесі	Қорытынды шығармашылық жобалардың бастапқы нұсқалары дайындалды.

8-күн. «Дайындық және үйлесім» - дайындық және бірлік күні

Күн компоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	• «Жақсы көрме, көрсетілім және таныстырылым өлшемдері» дамытушы сабағы. • Көрмелік, сахналық, медиалық және жобалық материалдарды шығармашылық пысықтау.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	• Қорғау немесе өнер көрсету репетициясы бойынша практикум. • Стендтерді, кеңістікті, жарнама парақтарыды, модельдерді,

Күн компоненті	Мазмұны
	костюмдерді немесе сценарийлерді ресімдеу бойынша практикалық жұмыс.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	«Тану және алғыс мәдениеті» тәрбиелік іс-шарасы. «Шығармашылық команда маған нені үйретті?» рефлексиясы.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	Жаттығу, достық эстафеталары, эмоционалдық жеңілдеуге арналған жаттығулар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Қорытынды шығармашылық материалдар таныстыруға дайын.

9-күн. «ART Fest» - жетістіктерфестивалі

Күнкомпоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылық сабақтар (кемінде 2)	«Шешімдер галереясы» дамытушы алаңы: басқа командалардың жобаларымен танысу. - Ауысым бағыттары бойынша интеллектуалды-шығармашылық викторина.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	- Командалық арт-жобаларды практикалық таныстыру. - Шығармашылық, сахналық, музыкалық, дизайнерлік, digital және медиаөнімдерді практикалық көрсету.
Тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар (кемінде 2)	«Адал азамат: еңбек, құрмет, жасампаздық» қорытынды тәрбиелік іс-шарасы. - Жетістіктерді тану және қатысушыларға алғыс білдіру рәсімі.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	Жаттығу, спорттық-шығармашылық фестиваль, қимылды ойындар.
Күннің күтілетін нәтижесі	Жобалар таныстырылып, ART Fest өткізілді.

10-күн. «Қоштасу күні» - ауысымды жабу күні

Күнкомпоненті	Мазмұны
Дамытушы / жобалық / зерттеу / шығармашылықсабақтар (кемінде 2)	«Шығармашылық арқылы не үйрендім» дамытушы рефлексия сабағы. «Менің келесі шығармашылық

Күнкомпоненті	Мазмұны
	қадамым» жеке тапсырмасы.
Практикалық-бағдарланған сабақтар (кемінде 2)	- Қорытынды сауалнама және қатысушының өзін-өзі бағалауы. - Жеке нәтижені ресімдеу бойынша практикалық жұмыс: жетістіктер карточкасы, шағын портфолио немесе өзіне хат.
Тәрбиелік-шаралармен жобалар (кемінде 2)	- Ауысымды салтанатты жабу. - Алғысайту қоштасу шеңбері және қауіпсіз ұйымдастырылғаншығу.
Сауықтыру модулі (күніне 3 академиялық сағаттан аспайды)	Жеңіл жаттығу, серуен, тыныш ойындар, эмоционалдық жеңілдеу.
Күннің күтілетін нәтижесі	Қатысушылар ауысым қорытындысын шығарды, сауалнамадан өтті және аяқтаудың оң тәжірибесіналды.

Жазғы маусымның негізгі іс-шаралары

1) «ART Start» бейімдеу ойыны: танысу, қағидаларды қабылдау, арт-командаларды қалыптастыру.

2) «Бір команда - бір шабыт» командалық тренингі: сенімді, құрметті және өзара әрекетті дамыту.

3) «Түс пен сызық» арт-шеберханасы: сурет, түс, коллаж, ұжымдық панно.

4) «Сахна және дауыс» театр зертханасы: этюдтер, сторителлинг, перформанс.

5) «Ритм және қозғалыс» музыкалық-қимылдық алаңы: ырғақ, би, дауыс, қимыл.

6) «Design Lab» дизайн зертханасы: этнодизайн, апсайклинг, макеттеу, жарнама парағы.

7) Digital art алаңы: фотооқиғалар, stop-motion, медиакүнделік, жағдай болған кезде QR-галерея.

8) «Creative Project» арт-хакатоны: қорытынды шығармашылық жобаларды әзірлеу.

9) «Жоба күні» кураторлық шеберханасы: көрмені, көрсетілімді, өнер көрсету немесе медиатаныстырылымды дайындау.

10) «ART Fest» жетістіктер фестивалі: көрмелер, көрсетілімдер, перформанстар, марапаттау.

11) «Менің шығармашылық жолым» қорытынды рефлексиясы: өзін-өзі бағалау, алғыс, әрі қарай даму жоспарлары.

6-бөлім. Бағдарламаны іске асыру шарттары

Осы бөлімде материалдық-техникалық жағдайлар, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес тұру жағдайлары, күн тәртібін, тамақтану мен демалысты ұйымдастыру, медициналық сүйемелдеу және профилактикалық іс-шаралар, өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қоса алғанда кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, жергілікті жердің климаттық және табиғи ерекшеліктерін ескеру, сондай-ақ қатысқан жағдайда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ортаның қолжетімділігі мен қауіпсіздігі сипатталады.

Ұйымдастыру шарттары

Қатысушылардың қызметі күн тәртібіне, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, өмір қауіпсіздігі талаптарына, кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктеріне және ауысым мазмұнына сәйкес ұйымдастырылады.

Жасақтарды қалыптастыру қатысушылардың жасын, тұру жағдайларын, педагогикалық мақсаттылықты, психологиялық үйлесімділікті және қауіпсіздік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Ауысым барысында білім беру, тәрбиелік, шығармашылық, жобалық, сахналық, спорттық, сауықтыру және бос уақыт қызметінің ұтымды кезектесуі қамтамасыз етіледі.

Ұйым жергілікті жағдайларды, климаттық ерекшеліктерді, инфрақұрылымды, медициналық ұсынымдарды және қатысушылардың жасын ескере отырып, күн тәртібін дербес нақтылайды.

Материалдық-техникалық жағдайлар

Бағдарламаны іске асыру үшін Ұйымның қолда бар ресурстары пайдаланылады: үй-жайлар, ашық алаңдар, акт залы немесе өнер көрсетуге арналған өзге кеңістік, қолайлы жағдайда шығармашылық бөлмелер, спорттық инвентарь, кеңсе, көркем және қолда бар материалдар, ақпараттық стендтер, сондай-ақ қолжетімді техникалық құралдар.

- қатысушыларды орналастыруға арналған тұрғын үй-жайлар;
- асхана немесе тамақтандырудың өзге ұйымдастырылған жүйесі;
- медициналық пункт немесе медициналық сүйемелдеуге арналған жағдайлар;
- спорттық, ойын немесе ашық алаңдар;
- көркем, сахналық, музыкалық, жобалық және топтық жұмысқа арналған үй-жайлар немесе қауіпсіз кеңістіктер;
- акт залы, клуб үй-жайы, сахна немесе қолайлы жағдай болған кезде өнер көрсетуге арналған ашық алаң;
- кеңсе және көркем материалдар: қағаз, картон, маркерлер, қарындаштар, бояулар, қылқаламдар, желім, қауіпсіздік сақталған жағдайда қайшы, маталар, ленталар, қауіпсіз қолда бар материалдар;
- қолда бар спорттық және ойын жабдықтары;

- ақпараттық стендтер және көрме беттері;
- қолайлы жағдай болған кезде қолжетімді техникалық құралдар: компьютер, проектор, акустикалық жабдық, микрофондар, фото- және видеотехника, планшеттер, графикалық планшеттер, интерактивті панельдер, оларды міндетті түрде қолдануды талап етпеу.

Санитариялық-гигиеналық жағдайлар

Қатысушылардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылады. Қауіпсіз тұру жағдайлары, тамақтану сапасын бақылау, ауызсу режимі, жеке гигиена нормаларын сақтау, үй-жайларды желдету және санитариялық өңдеу, медициналық бақылау және профилактикалық іс-шаралар қамтамасыз етіледі. Көркем материалдарды пайдаланған кезде қауіпсіздік, қатысушылардың жасы, үй-жайларды желдету, қауіпті заттарды қолдануға тыйым салу және нұсқамаларды сақтау ескеріледі.

Күн тәртібін, тамақтану мен демалысты ұйымдастыру

Күн тәртібі ұйқыны, тамақтануды, білім беру іс-шараларын, шығармашылық сабақтарды, сауықтыру белсенділігін, демалысты, серуендерді, бос уақытты, кешкі іс-шараларды және рефлексияны ұтымды кезектестіруді көздейді. Тамақтану белгіленген нормаларға, балалардың жасына, болу режиміне және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес ұйымдастырылады. Ауызсу режимі күні бойы қамтамасыз етіледі.

Режим элементі	Үлгілік мазмұны
Таңертең	Тұру, гигиеналық рәсімдер, жаттығу, таңғы ас, сап түзеу немесе жасақ жиыны.
Күннің бірінші жартысы	Дамытушы және практикалық-бағдарланған сабақтар, шығармашылық зертханалар, жобалық қызмет.
Күндіз	Түскі ас, демалыс, тыныш уақыт немесе тыныш қызмет.
Күннің екінші жартысы	Практикалық сабақтар, репетициялар, шеберханалар, спорттық, музыкалық-қимылдық немесе шығармашылық іс-шаралар.
Кеш	Мәдени-бос уақыт немесе тәрбиелік іс-шара, көрсетілім, көрме, рефлексия, ұйқыға дайындық.

Медициналық сүйемелдеу және профилактикалық іс-шаралар

Медициналық сүйемелдеу Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес медициналық қызметкерлермен жүзеге асырылады. Бағдарлама шеңберінде қатысушылардың денсаулық жағдайын бақылау, шаршаудың алдын алу, өзін-өзі сезінуін бақылау, қимылдық, сахналық немесе эмоционалдық жүктемесі жоғары іс-шараларды сүйемелдеу, балалардың медициналық көрсетілімдерін ескере отырып педагогтерді рұқсат етілетін жүктеме туралы хабардар ету көзделеді.

Кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету

Қатысушылардың қауіпсіздігі Бағдарламаны іске асырудың міндетті шарты болып табылады. Ұйымда аумаққа кіруді бақылау, қатысушыларды педагогикалық қызметкерлердің сүйемелдеуі, қауіпсіздік бойынша нұсқамалар өткізу, өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтау, шығармашылық, сахналық, спорттық, практикалық және өзге де іс-шараларды қауіпсіз ұйымдастыру қамтамасыз етіледі. Көркем материалдарды, сахналық кеңістікті, реквизитті, музыкалық және техникалық жабдықты қолайлы жағдайда қауіпсіз пайдалануға ерекше назар аударылады.

Жергілікті жердің климаттық және табиғи ерекшеліктерін ескеру

Іс-шараларды жоспарлау кезінде жергілікті жердің климаттық, табиғи және аумақтық ерекшеліктері ескеріледі. Ыстық, желді, жаңбырлы немесе өзге қолайсыз ауа райында іс-шаралар қауіпсіз үй-жайларға ауыстырылады немесе мазмұны бойынша баламалы қызмет нысандарымен алмастырылады. Ашық ауада болу ұзақтығы ауа райын, балалардың жасын және медициналық ұсынымдарды ескере отырып реттеледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ортаның қолжетімділігі мен қауіпсіздігі

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қатысқан жағдайда Ұйым қолда бар жағдайлар шегінде ортаның қолжетімділігі мен қауіпсіздігін, қатысу нысандарын бейімдеуді, жеке педагогикалық сүйемелдеуді, мамандардың ұсынымдарын, медициналық көрсетілімдерді және заңды өкілдер ұсынған ақпаратты ескеруді қамтамасыз етеді. Шығармашылық тапсырмалар уақыт, материалдар, нәтижені ұсыну нысаны және физикалық немесе эмоционалдық жүктеме деңгейі бойынша бейімделуі мүмкін.

7-бөлім. Кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету

Кадрлық қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асыруды Ұйымның педагогикалық, медициналық, әкімшілік және өзге де қызметкерлері қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асыруға Ұйым басшысы, басшының орынбасары немесе тәрбие жұмысына жауапты тұлға, қолайлы жағдайда әдіскер, тәрбиешілер, тәлімгерлер, қолайлы жағдайда қосымша білім беру педагогтері, шығармашылық бағыттардың жетекшілері, қолайлы жағдайда музыкалық, театр, көркем немесе медиа-педагогтер, дене шынықтыру-сауықтыру қызметіне жауапты нұсқаушы немесе тұлға, медициналық қызметкер, қолайлы жағдайда педагог-психолог, сондай-ақ тамақтану, тұру, қауіпсіздік және шаруашылық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін қызметкерлер тартылуы мүмкін.

Бағыттардың мазмұнын педагогикалық қызметкерлер қолжетімді жұмыс нысандары арқылы іске асырады: ойындар, мастер-класстар, арт-практикумдар, репетициялар, көрмелер, жобалық тапсырмалар, шығармашылық зертханалар,

сахналық көрсетілімдер және командалық таныстырылымдар. Тиісті мамандар болған жағдайда Ұйым қатысушыларға рұқсат етілетін жүктемені арттырмай, жекелеген бағыттардың мазмұнын кеңейтуге құқылы.

Функционалдық міндеттер

Іске асыру қатысушысы	Негізгі функциялары
Ұйым басшысы	Бағдарламаны іске асыруға жалпы басшылық жасау, жағдай жасау, қауіпсіздікті бақылау, қызметкерлер жұмысын үйлестіру.
Басшының орынбасары / жауапты тұлға	Тәрбиелік, білім беру және шығармашылық қызметті үйлестіру, жоспар-кестенің орындалуын бақылау, ауысым қорытындысын ұйымдастыру.
Әдіскер болған жағдайда	Әдістемелік сүйемелдеу, материалдар дайындау, педагогтерге консультация беру, Бағдарламаның іске асырылуын талдау.
Тәрбиешілер мен тәлімгерлер	Жасақтарды сүйемелдеу, күнделікті қызметті ұйымдастыру, іс-шаралар өткізу, тәртіппен психологиялық ахуалдық олдау.
Шығармашылық бағыт жетекшілері болған жағдайда	Мастер-кластар, шығармашылық зертханалар, репетициялар, арт-жобалар және фестиваль дайындығы бойынша консультациялар өткізу.
Спорттық қызметке жауапты тұлға	Қатысушылардың қауіпсіздігімен жасын ескере отырып жаттығулар, ойындар, би-қимыл сергіту жаттығулары және спорттық іс-шаралар ұйымдастыру.
Медициналық қызметкер	Медициналық бақылау, профилактика, алғашқы көмек, санитариялық-гигиеналық жағдайлар мен балалардың өзін-өзі сезінуін бақылау.
Педагог-психолог болған жағдайда	Бейімделуді қолдау, жанжалдардың алдыналу, эмоционалдық жағдайды бақылау, педагогтерге консультация беру.

Әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі ауысым мазмұнын сапалы іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық, дидактикалық, нұсқаулық және диагностикалық материалдар жүйесін білдіреді.

- 12 күнге арналған ауысымның жоспар-кестесі;
- іс-шаралар, ойындар, фестивальдер, шеберлік сыныптар, репетициялар және тренингтер сценарийлері;

- көркем, театрлық, музыкалық-қимылдық, дизайнерлік, digital art және жобалық бағыттарға арналған тапсырма карточкалары;
- шығармашылық материалдарды, реквизитті, сахнаны, жабдықты және цифрлық құралдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша нұсқаулық материалдар;
- салауатты өмір салты, ауызсу режимі, жеке гигиена, медиақауіпсіздік, авторлық және қарым-қатынас мәдениеті бойынша жадынамалар;
- педагогикалық бақылау карталары;
- қатысушылар мен ата-аналарға арналған сауалнамалар;
- жобалық паспорттар, жарнама парақтары, экспозициялық карточкалар, сценарийлер, таныстырылымдар және рефлексиялық парақтар үлгілері;
- балалардың өзін-өзі басқаруын, арт-командаларды және жетістіктер фестивалін ұйымдастыруға арналған материалдар.

Қолданылатын әдістемелер, технологиялар және жұмыс нысандары

Бағдарламаны іске асыруда ойын, жобалық, шығармашылық, зерттеу, тренингтік, денсаулық сақтау, коммуникативтік, интерактивті, сахналық, дизайнерлік, медиалық және практикалық-бағдарланған педагогикалық технологиялар қолданылады. Жұмыстың негізгі нысандары сабақтар, шеберлік сыныптар, практикумдар, репетициялар, арт-зертханалар, театр этюдтері, перформанстар, квесттер, ойындар, тренингтер, әңгімелер, шығармашылық шеберханалар, көрмелер, көрсетілімдер, жобалық сессиялар, таныстырылымдар, рефлексиялық шеңберлер және фестивальдер болып табылады.

8-бөлім. Іске асыру нәтижелерін мониторингтеу және бағалау

Осы бөлім Бағдарламаны іске асырудың ағымдағы және қорытынды мониторинг нысандарын, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді бағалау көрсеткіштері мен өлшемдерін, бақылауды, сауалнаманы, қатысу мен қызмет өнімдерін талдауды қоса алғанда ақпарат жинау және талдау әдістерін, сондай-ақ мониторинг нәтижелерін Бағдарламаны түзету кезінде есепке алу тәртібін айқындайды.

Мониторингтің жалпы тәсілдері

Бағдарламаны іске асыру мониторингі ауысым қатысушыларының білім беру, тәрбиелік, шығармашылық, спорттық-сауықтыру, жобалық және бос уақыт қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі болып табылады.

Мониторинг бүкіл ауысым барысында жүзеге асырылады және Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу деңгейін, қатысушылардың тартылу дәрежесін, эмоционалдық әл-ауқатын, командалық өзара әрекет сапасын, режим мен қауіпсіздіктің сақталуын, сондай-ақ қатысушылардың болу жағдайлары мен іс-шаралар мазмұнына қанағаттануын айқындауға бағытталған.

Мониторинг нәтижелері іс-шараларды жедел түзету, қатысушыларға жеке қолдау көрсету, келесі ауысымдардың мазмұнын жетілдіру және Бағдарламаны іске асыру сапасын арттыру үшін пайдаланылады.

Мониторинг нысандары мен әдістері

- педагогикалық бақылау;
- қатысушылармен әңгімелер;
- рефлексиялық шеңберлер және «шырақтар»;
- қатысушыларға сауалнама жүргізу;
- ата-аналардан немесе заңды өкілдерден кері байланыс;
- балалардың іс-шараларға қатысуын талдау;
- жеке және командалық шығармашылық өнімдерді бағалау;
- қатысушылардың өзін-өзі бағалауы;
- педагогикалық команданың қорытынды талқылауы.

Нәтижелерді мониторингтеу және бағалау кестесі

Мониторинг бағыты	Бағалау өлшемдері	Әдістер	Бағалау деңгейі	Жауаптылар
Қатысушылардың бейімделуі	Тартылу, эмоционалдық жағдай, қағидаларды сақтау	Бақылау, әңгімелер, рефлексия	1-3 төмен; 4-7 орташа; 8-10 жоғары	Тәлімгерлер, тәрбиешілер, психолог болған жағдайда
Білім беру қызметі	Сабактарға, жобаларға, практикумдарға қатысу	Бақылау, жұмыстарды талдау	1-3 пассивті; 4-7 тұрақты; 8-10 бастамашыл	Педагогтер, әдіскер
Бейнелеу өнері	Арт-шеберханаларға қатысу, визуалды жұмыстар жасау	Жұмыстарды талдау, бақылау	1-3 ішінара; 4-7 тұрақты; 8-10 бастамашыл	Педагогтер, тәлімгерлер
Театр және перформанс	Сахналық белсенділік, мәнерлілік, командада жұмыс	Бақылау, этюдтерді көрсету	1-3 қолдауды қажет етеді; 4-7 дамуда; 8-10 айқын	Педагогтер, тәлімгерлер
Музыка және	Ырғақтық, би	Бақылау, өнер	1-3 төмен;	Тәлімгерлер

Мониторинг бағыты	Бағалау өлшемдері	Әдістер	Бағалау деңгейі	Жауаптылар
қимыл	және музыкалық нысандарға қатысу	көрсетулер	4-7 жеткілікті; 8-10 белсенді	, педагогтер
Дизайн және қолөнер	Практикалық дағдылар, ұқыптылық, өнімнің аяқталуы	Бұйымдарды талдау, таныстырылымдар	1-3 ішінара; 4-7 жеткілікті; 8-10 сапалы	Педагогтер
Digital art және медиа	Медиа сауаттылық, цифрлық қауіпсіздік, визуалды өнім	Практикалық тапсырмалар, әңгімелер	1-3 базалық; 4-7 жеткілікті; 8-10 сенімді	Педагогтер, тәлімгерлер
Арт-жобалау	Идея, рөлдерді бөлу, жобаны дайындау, таныстырылым	Жобаларды талдау, бақылау	1-3 ішінара; 4-7 жеткілікті; 8-10 белсенді	Педагогтер, әдіскер
Командалық дағдылар	Ынтымақтастық, өзара көмек, жауапкершілік	Бақылау, рефлексия	1-3 қолдауды қажет етеді; 4-7 дамуда; 8-10 айқын	Тәлімгерлер, тәрбиешілер
Эмоционалдық әл-ауқат	Көңіл күй, жайлылық, жанжалдардың азаюы	Әңгімелер, рефлексия, бақылау	1-3 алаңдаулы; 4-7 тұрақты; 8-10 жайлы	Тәлімгерлер, психолог болған жағдайда
Қанағаттанушылық	Ауысымға, жағдайларға және іс-шараларға қатынас	Сауалнама, кері байланыс	1-3 төмен; 4-7 жеткілікті; 8-10 жоғары	Әкімшілік, әдіскер

Мониторинг нәтижелерін есепке алу тәртібі

Ағымдағы мониторинг қорытындылары бойынша педагогикалық команда іс-шараларды ұйымдастыруға, жүктемені бөлуге, қатысушыларды қолдау нысандарына және ауысымның келесі күндерінің мазмұнына жедел өзгерістер енгізеді.

Ауысым аяқталғаннан кейін мониторинг нәтижелері жинақталып, келесі ауысымдарды жоспарлау, әдістемелік материалдарды жаңарту және Бағдарламаны жетілдіру барысында пайдаланылады.

9-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Нормативтік құқықтық актілер

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
- 3) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
- 4) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Кодексі.
- 5) «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы.
- 6) Кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары, сондай-ақ олардың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар.
- 7) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 7 қазандағы № 237 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында балаларды сауықтыру мен демалысын ұйымдастыру қағидалары.
- 8) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.
- 9) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы № ҚР ДСМ-78 бұйрығымен бекітілген «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.
- 10) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 68 бұйрығымен бекітілген Дене шынықтыру және спорт сабақтарын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары.
- 11) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы.

12) Кәмелетке толмағандардың демалысын, сауықтырылуын, тәрбиесін, қосымша білімін, медициналық сүйемелдеуін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Оқу-әдістемелік және қосымша материалдар

1) Каникул кезеңінде балалардың демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

2) ББСО тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік материалдар.

3) Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық ойлауын, эмоционалдық интеллектін және soft skills дағдыларын дамыту жөніндегі әдістемелік материалдар.

4) Қимылды, ұлттық, спорттық, музыкалық және командалық ойындар жинақтары.

5) Балаларға арналған көркем, театрлық, музыкалық және дизайнерлік сабақтарды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік материалдар.

6) Медиасауаттылық, цифрлық қауіпсіздік және медиаконтентті жауапты жасау жөніндегі материалдар.

7) Қолайлы жағдай болған кезде балаларға арналған digital art, stop-motion, фото- және видеошығармашылық жөніндегі әдістемелік материалдар.

8) Тәрбиелік, шығармашылық, спорттық және мәдени-бос уақыт іс-шаралары сценарийлерінің жинақтары.

9) Жобалық қызметті, балалардың өзін-өзі басқаруын және командалық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі материалдар.

10) Уақытша балалар ұжымы жағдайында балалардың бейімделуі жөніндегі психологиялық-педагогикалық материалдар.

11) Балалар лагерінде көрмелер, фестивальдер, конкурстар, концерттер және көпшілік алдында таныстырылымдар ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік материалдар.

12) Оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық және электрондық дереккөздер тізбесін Ұйым соңғы 5 жылдағы өзекті қазақстандық және шетелдік дереккөздерді, ауысымның бейіндік бағытын және Бағдарламаны іске асыру жағдайларын ескере отырып толықтырады.